«Жасыл қалалар» - «екінші терезе»: Өскемен қаласында қатты қалдықтарды кәдеге жарату» негіздемелік механизмі

Орналасқан жері:
Қазақстан

Жоба нөмірі:
50141

Сала:
Муниципалдық экологиялық инфрақұрылым

Мемлекеттік/жеке сектор: мемлекеттік

Экологиялық санат:
B

Бекітілген күні:
8 маусым 2021 жыл

Жағдайы:
Тұжырым қаралған, түпкілікті қарау күтілуде

Ағылшын тілінде түйіндеменің жарияланған күні:
8 маусым 2021 жыл

"Ақпаратқа қол жеткізу туралы" директивасының 1.4.2 (Ш) бөліміне сәйкес "Директорлар кеңесі бекіту құқығын берген банктің жедел басшылығы бекіткен жобалар үшін жобаның түйіндемесі ЕҚДБ құру туралы Келісімнің 13 (Ш)-бабына сәйкес тиісті келісілген хабарлау кезеңінің басында Банкке мүше елге жарияланады".

Жобаның сипаттамасы

Өскемен қаласында (қала) қатты қалдықтарды кәдеге жарату жүйесін (ҚТҚЖ) жаңғырту үшін бас несие беру, атап айтқанда ¡) ЕО стандарттары бойынша қоқыс полигонын салуды қаржыландыру және ¡¡) жаңа қоқыс полигоны аумағында қатты қалдықтарды биологиялық қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорын салу. Облыс әкімдігі ¡) қатты қалдықтарды механикалық қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорынды және жаңа полигон үшін қосалқы инфрақұрылымды құруды, ¡¡) қаладағы қалдықтарды жинау пункттерін жаңғыртуды, сондай-ақ ¡¡¡) қазіргі қоқыс тастайтын орынды жабу мен қайта бейіндеуді бірлесіп қаржыландыруды қамтамасыз етеді.

Жобаның мақсаты

Жоба нәтижесінде парниктік газдар шығарындылары азайтылады, қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату ауқымы ұлғайтылады, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау, денсаулық және еңбек қауіпсіздігі саласындағы стандарттар арттырылады. Жоба, сондай-ақ объектілерді пайдалану және техникалық қызмет көрсету саласында жеке сектор өкілдерімен ұзақ мерзімді келісімшарттық өзара қарым-қатынасты дамытуға, қатты қалдықтарды кәдеге жарату жөніндегі қызметтердің тұрақтылығы мен сапасын арттыруға, сондай-ақ басқару жүйесі мен шарттық базаны жақсартуға ықпал ететін болады. Климатқа әсерін азайту бойынша шаралар жоспарындағы айтарлықтай пайда аталған жобаны «Жасыл қалалар» ЕҚДБ негіздемелік механизмі аясында тиімді бастапқы инвестицияға айналдырады.

Өтпелі процеске ықпал ету

Өтпелі процеске күтілетін ықпал етуді балдық бағалау: 70

Жоба «жасыл қалалар» негіздемелік механизмі бойынша өтпелі процесс мақсаттарына толық сәйкес келеді, өйткені онда өтпелі процестің негізгі атрибуты ретінде, атап айтқанда парниктік газдар эмиссиясын қысқарту және «Жасыл қалалар» іс-қимыл жоспары (ЖҚІЖ) бойынша іс-шараларды әзірлеу есебінен экологиялылыққа басты орын беріледі. Жоба, сондай-ақ «басқару сапасы» өтпелі процесінің атрибутын іске асыруға ықпал етеді, өйткені ол i) Компания мен қала арасында муниципалдық қызметтер шарттары (МҚШ) жүйесін енгізуді; ii) шарттық өзара қарым-қатынастарды жетілдіру жөніндегі ұсынымдарды қоса алғанда, қалдықтарды кәдеге жарату бағдарламасы (ҚКЖБ) бойынша қатты қалдықтарды кәдеге жаратуға кешенді тәсілді әзірлеу, қалдықтарды қабылдағаны үшін тарифтік алым (ҚҚА) есебінен шығыстарды өтеуге жаңа тәсіл және қатты қалдықтарды кәдеге жарату (ТҚК) жөніндегі қызметтерді түпкілікті пайдаланушылар үшін тарифтерді тиісінше қайта қарауды; сондай-ақ iii) өндіріс, басқару, қаржы және жобаларды іске асыру саласында компанияның әлеуетін арттыруды көздейді.

Клиент туралы ақпарат

«ТАЗА ӨСКЕМЕН» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРНЫ

Өскемен қалалық әкімдігінің (қала әкімдігі) 100 % меншігіндегі муниципалдық компания. Қолданыстағы мәмілелер: 1) Клиентпен: жоқ; 2) Шығыс Қазақстан облысымен (облыс) жобаларды қолдау туралы бес келісім (ЖҚК) аясында: 13,8 млрд. қазақ теңгесі (26,7 млн. евро).

ЕҚДБ қаржыландыру

4 млрд. 60 млн. қазақ теңгесі

Клиентке 4,06 млрд. қазақ теңгесінен (8,1 млн. евро) тұратын бас несие бөлінеді: ол қол қою кезінде беруге келісілген екі транштан тұрады: 1 транш - 3,04 млрд. қазақ теңгесіне (6,1 млн. евро) дейін және 2 транш - 1,02 млрд. қазақ теңгесіне (2,0 млн. евро) дейін. Несие Банк, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі (облыс әкімдігі), қала әкімдігі және Клиент арасында жобаны қолдау келісіміне (ЖҚК) сүйенетін болады.

Жобаның жалпы құны

7 млрд. 800 млн. қазақ теңгесі

Облыс әкімдігі 3,74 млрд. қазақ теңгесіне (7,5 млн. евро) дейінгі сомада жобаны бірлесіп қаржыландыруды (жергілікті салым ретінде) қамтамасыз етеді.

Толықтыру

Қаржыландыру құрылымы: қазіргі уақытта Қазақстанда муниципалдық жобалар үшін коммерциялық негізде, ұзақ мерзімге және мемлекеттік кепілдіксіз қаржыландыру мүмкіндігі жоқ. Мемлекеттік, салалық, институционалдық және нормативтік-құқықтық өзгерістер: Қалдықтарды кәдеге жарату практикасын әзірлеу.
Стандарттарды белгілеу: жобалар мен клиенттерге барынша жоғары стандарттарға, атап айтқанда, есептіліктің жоғары стандарттарына, экологиялық нормаларды сақтауға, сараптамалық әлеуетті арттыруға, инклюзивтілік пен әйелдер мен ерлердің тең құқықтылығы жоғары стандарттарына қол жеткізуге көмектесу.
Білімдер, инновациялар және әлеуетті арттыру: «Жасыл қала» іс-қимыл жоспарын (ЖҚІЖ) дайындау және техникалық ынтымақтастық (ТЫ) саласында қолдау; Банк операцияларының әртүрлі елдерінде қатты қалдықтарды кәдеге жаратумен айналысатын салада ЕҚДБ жинақтаған білімі мен тәжірибесі.

Экологиялық және әлеуметтік мәселелер

Алдын ала экологиялық және әлеуметтік бағалау нәтижелері бойынша Жоба 2014 жылғы редакциядағы ЭСЖ-ға сәйкес «В» санатына жатқызылды. Осы бағалау нәтижелері бойынша Жобамен байланысты экоәлеуметтік тәуекелдер мен әсерлер нақты объектілерге жатады, оларды жобалау кезінде және әсерді азайтудың тиімді шаралары арқылы оңай анықтауға және жоюға болады деген қорытынды жасалды.
Жоспарланған инвестициялар қатты қалдықтарды кәдеге жарату әдісі ретінде ашық полигондарды пайдалану тәжірибесінен бас тарту тұрғысынан қалаға айтарлықтай экоәлеуметтік пайда әкеледі деп күтілуде. Бұл тәсіл экология мен гигиенаның барынша жоғары стандарттарына өтуге, сондай-ақ парниктік газдар шығарындыларын азайтуға мүмкіндік беретін қатты тұрмыстық қалдықтарды барынша экологиялық кешенді кәдеге жарату жүйесімен алмастырылады.

ЭСКО жобасын техникалық-экономикалық негіздеме шеңберінде тәуелсіз консультанттар орындады. ЭСКО Компанияның өндірістік қызметінің тәуелсіз экоәлеуметтік аудиті және ұсынылған Жобаға байланысты әлеуетті экоәлеуметтік проблемаларды талдауды қамтыды.

Жоба қалдықтарды көму полигондары бойынша ЕО директивасын қоса алғанда, ЕО-ның тиісті талаптарына жауап беретін болады; ол фильтратты жинауды және қайта өңдеуді, сондай-ақ қоқыс биогазын жинауды және жағуды қарастырады. Жоба сонымен қатар қалдықтарды механикалық - биологиялық қайта өңдеу бойынша заманауи қондырғының құрылысын да қамтиды. Жобаны іске асыру жоспарының (ЖІЖ) шеңберінен тыс қалдықтарды кәдеге жарату жүйесінің кейбір элементтері алдағы уақытта ЕО талаптарына толық сәйкес келмеуі мүмкін, мысалы, зиянды қалдықтарды жеке жинау және қайта өңдеуге қатысты, осыған байланысты экоәлеуметтік іс-шаралар (ЭӘІЖ) жоспарында осы олқылықтарды толтыруға көмектесетін қадамдар белгіленген.

Жаңа полигон 335 мың халқы бар қаланы қалдықтарды кәдеге жаратудың заманауи жүйесімен қамтамасыз етеді. Ол қаладан 18 км және ең жақын ауылдан 6 км жерде орналасады. Жаңа полигон үшін қандай да бір сезімтал экоәлеуметтік объектілермен байланысты емес қолайлы орын таңдалғандығы расталды. Бұған Банк нақты қаржы бөлмесе де, қандай да бір экологиялық қорғау шаралары болмаған жағдайда, жұмыс істеп тұрған қолданыстағы қоқыс орны жабылып,көміледі. Қолданыстағы қоқыс орны бар учаске пайдаланудан шығарылады және көміледі. Қоқыс биогазын жинау мүмкіндігі қарастырылды, бірақ оның көлемі тым төмен болғандықтан бұл нұсқаны іске асырудың мүмкіндігі жоқ. Қолданыстағы қоқыс орнының жабылуы және жаңа полигонның құрылысы 20 қоқыс жинаушының, 32 полигон жұмысшысының, сондай-ақ жалдау шарттары бұзылуы тиіс бірнеше жер пайдаланушылардың экономикалық орын ауыстыруына әкелуі мүмкін деп күтілуде. Осыған байланысты Компания ұлттық заңнамада және № 5 (ТР-5) жобаларды іске асыруға арналған ЭӘС талабымен көзделгендей, жерді алуға және қоныс аударуға байланысты барлық әсерлерді бейтараптандыру үшін негіз ретінде жерді алу және қоныс аудару жөніндегі негіздемелік құжатты (ЖАҚНҚ) дайындады және қабылдады. Осы әсерлердің ауқымы анықталып, расталғаннан кейін Компания ЖАҚНҚ және ТР-5 сәйкес шаруашылық құрылымын қалпына келтіру жөніндегі Жоспарды (және/немесе Қоныс аудару жөніндегі іс-қимыл жоспарын) дайындайды және іске асыруды бастайды. Жоба үшін бағалық қолжетімділікке жүргізілген талдау барысында түпкілікті пайдаланушылар үшін тарифтік төлем орташа және табысы төмен үй шаруашылықтарына қолжетімді болып қалатындығы расталды. Үй шаруашылықтары кірістерінің үлесі ретінде қатты қалдықтарды кәдеге жарату жөніндегі қызметтерге арналған болжамды шығындар қолжетімділік шегінен 1,5% - ға төмен болады.

Жоба шеңберінде ЭСКО-да айқындалған экоәлеуметтік әсерлер бойынша шешім табу, сондай-ақ ЕҚДБ ТТ жауап беретін жобаның құрылымын қамтамасыз ету мақсатында экоәлеуметтік іс-шаралар жоспары (ЭӘІЖ) әзірленді.

Сонымен қатар, ЭӘІЖ қоршаған ортаны қорғау, денсаулық және еңбек қауіпсіздігі (ҚҚДЕҚ) саласындағы басқару жүйесі мен практикасында қажетті жетілдіруді, ТТ-2-ге жауап беретін кадр саясатын енгізуді, жергілікті халықпен байланысқа жауапты адамды тағайындауды, экологиялық мониторинг жүйесін жетілдіруді қамтиды. Бұған қоса, Жобаның гендерлік және инклюзивті аспектілері шеңберінде ЭӘІЖ-ға тең мүмкіндіктер жасауға жәрдемдесу және жұмыс орнындағы кемсітушілікті жою, сондай-ақ қудалаудың жолын кесу жөніндегі саясатты іске асыру сияқты бірқатар нақты шаралар енгізілген. Компания сондай-ақ жыныстардың алуан түрлілігі мен тең құқықтылығын қолдау жоспарын әзірлейді және іске асыратын болады. Қол қойылғаннан кейін техникалық ынтымақтастық (ТЫ) саласындағы Сатып алу және Жобаны іске асыру саласындағы қолдау жөніндегі тапсырмалардың бірі (СЖІҚ) ЭӘІЖ гендерлік бағыттағы шараларды орындауға көмек көрсету үшін әлеуметтік (гендерлік) мәселелер жөніндегі сарапшымен жұмысты қамтитын болады.

Техникалық емес түйіндеме(ҒТР), РДИЗП және мүдделі тараптар өзара іс-қимыл жоспарын (МТІЖ) дайындаған және оған қол қойғанға дейін Клиентпен келісілетін болады. Сондай-ақ, экоәлеуметтік тәртіпті қарастыру Жобаны іске асыру және сатып алу саласындағы қолдау бойынша (ЖІСҚ) техникалық ынтымақтастық (ТЫ) бойынша қол қойылғаннан кейін жоспарланған тиісті тапсырмаға енгізілген. Жобаның экоәлеуметтік құрамдастарының, сондай-ақ ЭӘІЖ және МТІЖ іске асыруға мониторинг жүзеге асырылатын болады.

Ол үшін жыл сайынғы экоәлеуметтік есептер жасалады және қажет болған жағдайда жобаны іске асыру бойынша объектілерге немесе аудиттерге бақылау сапарлары жүргізіледі.

Техникалық ынтымақтастық және грантты қаржыландыру:

Қол қойғызғанға дейін:

ТЫ 1. Техникалық-экономикалық негіздеме: Жобаға және Семей қаласында ұқсас дайындалған мәміле (жоба нөмірі 50142) Финляндия Үкіметі мен ЕҚДБ акционерлерінің арнайы қоры (ААҚ) желісі бойынша 584 670 евро бөлінеді.

Қол қойғаннан кейін:

ТЫ 2. Жобаны іске асыру және сатып алу саласындағы қолдау (ЖІСҚ): ААҚ **желісі бойынша 490 мың еуроға дейін бөлінеді.**

ТЫ 3. Әлеуетті арттыру және корпоративтік даму бағдарламасы (ӘАБ жКДБ): ААҚ **желісі бойынша 300 мың еуроға дейін бөлінеді.**

ТЫ 4. Қала үшін «Жасыл қала» іс-қимыл жоспарын дайындауды қолдау көрсету: **ФСА қорынан 300 мың еуроға дейін бөлінеді.**

Компаниядағы байланысатын тұлға

Әбділдинов Ардақ Мұханұлы, директордың міндетін атқарушы
taza-oskemen@mail.ru
+7 (7232) 21-57-40

+7 (7232) 62-02-04
Қазақстан, 070010, Өскемен қ., Пограничная көшесі, 58 ғимарат

Жобаны іске асыру туралы қысқаша ақпарат

Түйіндеменің соңғы жаңартылған күні

8 маусым 2021 жыл

Өтпелі процесс дегеніміз не

ЕҚДБ-ның жобалардың өтпелі процеске болжамды әсерін бағалауға қатысты қосымша ақпараты осы жерде.

Жобаларға қатысу мүмкіндіктері

Жобаға немесе сатып алуға қатысуға байланысты компания-клиентке хабарласуыңызды сұраймыз.

ЕҚДБ-мен ынтымақтастыққа байланысты (сатып алуға қатысты емес) мына байланыстарға хабарласыңыз:

тел.: +44 20 7338 7168
эл. почта: proiectenquiries@ebrd.com

Мемсектордағы жобалар: қараңыз EBRD Procurement
тел.: +44 20 7338 6794
эл. почта: procurement@ebrd.com

Жалпы анықтамалар

Нақты ақпараттық сауалдарды ЕҚДБ ақпараттық сауалдарға арналған формулярын пайдалана отырып жолдауға болады.

Экологиялық және әлеуметтік саясат (ЭӘС)

ЭӘС және онымен байланысты жобаларды іске асыруға қойылатын талаптар (ТТ) ЕҚДБ өзінің «экологиялық жауапты және тұрақты дамуды» ілгерілетуге деген ұмтылысын іске асыратын рәсімді айқындайды. ЭӘС және ТТ-да клиенттерге жұртшылықты ақпараттандыру және кеңес беру жөніндегі ұлттық заңнаманың тиісті нормаларын орындау бойынша, сондай-ақ мүдделі тараптардың, әсіресе клиент пен жобаның экоәлеуметтік қызметіне қатысты алаңдаушылықтары мен шағымдарын қарау және қанағаттандыруға ықпал ету үшін шағымдарды беру және қарау механизмін белгілеу бойынша нақты талаптар қамтылған.

Қажет болған жағдайда ЕҚДБ экоәлеуметтік тәуекелдердің сипаты мен ауқымына және жобаның әсеріне қарай өз клиенттерінен жобалардың тәуекелдері мен әсері туралы ақпаратты ашуды, сондай-ақ пікірлер алу және олар бойынша жауап шараларын қабылдау мақсатында мүдделі тараптармен толық консультациялар жүргізуді қосымша талап етеді.

Осы саладағы ЕҚДБ тәжірибесі бойынша қосымша ақпарат ЭӘЖ-да қамтылған.

Іскерлік адалдық және белгіленген нормаларды сақтау

ЕҚДБ комплаенс-бақылау басқармасы (КББ) жауапты басқаруға ықпал етеді және банк қызметінің барлық аспектілері іскерлік адалдықтың ең жоғары стандарттарына жауап беретіндігіне және озық халықаралық тәжірибеге сәйкес келетіндігіне көз жеткізеді. Іскерлік адалдықты тексеру Банктің барлық клиенттеріне қатысты қызметті теріс пиғылды жүргізуге байланысты қолайсыз тәуекелдерді, сондай-ақ ЕҚДБ үшін беделді тәуекелдерін болдырмау үшін жүргізіледі. Банк жобаларды алдын ала бағалау және мақұлдау сатысында проблемалық аспектілерді анықтау және оларды жою Банк мәмілелерінің беделдік тазалығын қамтамасыз етудің неғұрлым тиімді құралы болып табылады деп пайымдайды. Комплаенс-бақылау басқармасы (КББ) осы алдын алу іс-шараларында негізгі рөл атқарады, сондай-ақ инвестициялаудан кейінгі кезеңде Банктің іскерлік беделі үшін тәуекелдердің мониторингін жүзеге асыруға көмектеседі.

Сонымен қатар, ЕҚДБ қаржыландыратын жобалар шеңберінде алаяқтық, сыбайлас жемқорлық және лауазымдық теріс қылықтар фактілері туралы ақпаратты тексеруге жауапты. Егер Банк ішінде немесе одан тыс жерлерде кімде-кім алаяқтық немесе сыбайлас жемқорлық актілерін жасағандығы туралы күдік туғызса, ол бұл туралы комплаенс-бақылау басқармасының бастығына олар туралы compliance@ebrd.com электрондық почта мекенжайына хабарлама жібере отырып, жазбаша түрде хабарлауы тиіс. Барлық хабарланған фактілер КББ-да олар бойынша тиісті шаралар қабылдау тұрғысынан қаралатын болады. Анонимді хабарламаларды қоса алғанда, барлық хабарламалар бойынша тексерулер жүргізілетін болады. Бұл хабарламалар Банктің немесе банк операциялары мемлекетінің кез келген тілінде жасалуы мүмкін. Мұндай ақпарат жақсы ниетпен хабарлануы керек.

Ақпаратқа қолжетімділік саясаты (АҚС)

2020 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген АҚС ақпаратты ашудың және оның стратегияларын, саясаты мен операциялық қызметін неғұрлым терең білуге және түсінуге жәрдемдесу үшін мүдделі тараптармен консультациялар өткізудің ЕҚДБ-да белгіленген тәртібін айқындайды. Қолда бар ақпаратпен танысу үшін ЕҚДБ веб-сайтындағы «Ақпаратқа қолжетімділік саясаты» бөліміне кіріңіз.

Нақты ақпараттық сауалдарды ЕҚДБ ақпараттық сауалдарға арналған формулярын пайдалана отырып жолдауға болады.

Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз орган (ЖЕТО)

Егер клиентке немесе банкке қатысты экоәлеуметтік салада немесе ақпаратты ашу саласында (мысалы, клиент жасаған жобалық деңгейде шағым беру және қарау тетігі арқылы немесе Банктің жедел басшылығымен тікелей өзара іс-қимыл арқылы) туындаған алаңдаушылықтарды қанағаттандыру әрекеттері нәтиже бермесе, жеке тұлғалар мен ұйымдар ЕҚДБ жобалары бойынша (ЖЕТО) есеп берудің тәуелсіз органына жүгіну арқылы өздерінің алаңдаушылықтарын қанағаттандыруға тырысуы мүмкін.

ЖЕТО жобаның проблемаларына тәуелсіз бағалау жүргізеді, бұл өтініш берушілердің пікірінше, қазірдің өзінде зиян келтірді немесе болашақта зиян келтіруі мүмкін. Органның міндеттеріне мыналар кіреді: экоәлеуметтік саладағы және ақпаратты ашу саласындағы проблемаларды шешу үшін жобаның мүдделі тараптары арасындағы диалогты қолдау; Банктің өзінің Экологиялық және әлеуметтік саясатының, сондай-ақ жобаға қатысты Ақпаратқа қолжетімділік саясаты ережелерінің талаптарын орындауын бағалау; сондай-ақ қажет болған кезде болашақта Банктің оларды сақтамауына қарсы шаралар қабылдай отырып, осы нормативтік құжаттарды сақтамаудың орын алған жағдайларын жою.

ЖЕТО және оның мандатымен толығырақ танысу, тексеру жүргізуге қалай өтінім беру керек екендігін білу немесе ipam@ebrd.com электрондық почта арқылы ЖЕТО-ға сұрақтармен, қосымша ақпарат немесе өтінім беру нұсқаулығымен жүгіну үшін Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз органның веб-парақшасына кіріңіз.

Өтпелі кезеңді түсіну

ЕҚДБ-ның өтпелі процеске әсерді бағалау тәсілдемесі туралы қосымша ақпарат мына жерде қолжетімді

Коммерциялық мүмкіндіктер

Коммерциялық мүмкіндіктер немесе сатып алулар туралы білу үшін клиенткомпаниямен байланысыңыз.

ЕҚДБ-ның коммерциялық мүмкіндіктері (сатып алумен байланысты емес) мәселелері жөнінде:

Тел.: +44 20 7338 7168
Email: projectenquiries@ebrd.com бойынша хабарласыңыз.

Мемлекеттік сектордың жобалары туралы ақпаратты ЕҚДБ сатып алулары сайтынан табуға болады:

Тел.: +44 20 7338 6794
Email: procurement@ebrd.com

Жалпы сұраныстар

Нақты сұраныстарды ЕҚДБ сұраныстар нысанын пайдаланып жолдауға болады.

Экологиялық және әлеуметтік саясат (ЭӘС)

ЭӘС және онымен байланысты Жобаларды іске асыруға қойылатын талаптар (ІАТ) ЕҚДБ «экологиялық жауапты және тұрақты дамуға» жәрдемдесу бойынша өз міндеттемелерін орындайтын тәсілдерді айқындайды. ЭӘС пен ІАТ-қа клиенттер үшін ұлттық заңнаманың жұртшылықты хабардар етуге қатысты қолдануға келетін талаптарын орындау бойынша, сонымен қатар мүдделі тараптардың мәселелері мен шағымдарын, соның ішінде клиенттің және жобаның экологиялық және әлеуметтік тиімділігіне қатысты мәселелер мен шағымдарын қабылдау және оларды шешуге жәрдемдесу үшін шағым беру және қарау механизмін құру бойынша арнайы ережелер кіреді. Жобаның экологиялық және әлеуметтік тәуекелдері мен әсерлерінің сипатына және ауқымына сәйкес, ЕҚДБ өз клиенттерінен мән-жайларға қарай, жобалармен байланысты тәуекелдер мен әсерлер туралы ақпаратты ашуды немесе мүдделі тараптармен мазмұнды консультациялар жүргізуді, сонымен қатар олардың түсіндірулерін ескеруді қосымша талап етеді7

ЕҚДБ-ның бұл мәселе бойынша іс-тәжірибесі туралы анағұрлым нақтырақ ақпарат ЭӘС-та баяндалған.

Адалдық және белгіленген нормаларды ұстану

ЕҚДБ-ның корпоративтік әдепті бақылау бөлімі (КӘББ) адал басқаруды ынталандырады және Банктің бүкіл қызметінің озық халықаралық іс-тәжірибеге сай ең жоғары адалдық стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз етеді. Жобалардың Банктің беделі үшін қабылдауға келмейтін тәуекелдер болып табылмайтындығын кепілдендіру үшін, Банктің клиенттерінің барлығына қатысты адалдықты кешенді тексеру жүргізіледі. Банк проблемаларды жобаны бекіту және бағалау кезеңдерінде айқындау және шешу Банк операцияларының адалдығын қамтамасыз етудің анағұрлым тиімді құралы болып табылады деп санайды. Осы қорғау шараларында, сонымен қатар жобалардың инвестициядан кейінгі кезеңдерінде адалдық тәуекелдерін мониторингтеу процесінде КӘББ шешуші рөл атқарады.

КӘББ сонымен қатар ЕҚДБ қаржыландыратын жобалардағы алаяқтық, сыбайлас жемқорлық және заңсыз әрекеттер туралы арыздарды тексеру үшін жауап береді. Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық фактісі туралы күдігі бар банктегі, сол сияқты одан тысқарыдағы кез келген тұлға Корпоративтік әдепті бақылау бөлімінің Басшысына compliance@ebrd.com электрондық мекенжайына жазбаша хабарлама жіберуі тиіс. Көрсетілген мәселелердің барлығын КӘББ кейіннен шаралар қабылдау үшін қарайды. Хабарламалардың барлығы, соның ішінде бейесімді хабарламалар да қаралады. Хабарламалар Банктің немесе Банк операциялары жүргізілетін елдің кез келген тілінде қалдырыла алады. Ұсынылған ақпарат негізделген болуы тиіс.

Ақпаратқа қолжетімділік саясаты (АҚС)

АҚС 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енгеннен кейін ЕҚДБ-ның хабардар ету және Банк стратегияларын, саясаты мен операцияларын анағұрлым тереңірек түсінуге және білуге жәрдемдесу мақсаттарында мүдделі тараптармен өзара ықпалдасу бойынша ЕҚДБ процедурасын анықтайды. ЕҚДБ сайтындағы қолжетімді ақпарат туралы мәліметтер алу үшін Ақпаратқа қолжетімділік саясаты парақшасын қараңыздар.

Нақты ақпаратқа сұранысты ЕҚДБ сұраныстар нысанының көмегімен жасауға болады.

Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз орган (ЖЕБТО)

Егер экологиялық, әлеуметтік саладағы мәселелерді немесе жұртшылықты хабардар ету мәселелерін шешу бойынша Клиенттің немесе Банктің шаралары күтілгендей нәтижелер әкелмесе (мысалы, Клиенттің шағымдарын берудің және қараудың жобалық механизмі арқылы немесе Банктің басшылығымен тікелей өзара ықпалдасу арқылы), жеке тұлғалар мен ұйымдар өз мәселелерін ЕҚДБ-ның Жобалар бойыша есеп беретін тәуелсіз органы (ЖЕБТО) арқылы шешуге талпыныс жасай алады.

ЖЕБТО Банкпен қаржыландырылатын қандай да бір объект зиян келтірді немесе келтіруі мүмкін деп санайтын жеке тұлғалардың немесе ұйымдардың өтініштерін тәуелсіз қарауды жүргізеді. Бұл орган әлеуметтік саланың, экологияның және жұртшылықты хабардар етудің жобамен байланысты мәселелері бойынша мүдделі тараптар арасындағы келіспеушіліктерді еңсеруге ықпал етуді;
Экологиялық және әлеуметтік саясаттың талаптарын және осы жобаға жататын Ақпаратқа колжетімділік саясатының ережелерін Банктің орындайтынорындамайтындығын анықтауды; сонымен қатар, қажет болған жағдайда, аталған нормативтік құжаттарды ұстану Банк тарапынан орындалмай отырған жағдайларды қарауды және келешекте мұндай жағдайларды болдырмауды көздейді.

IPAM және оның мандаты туралы; қалай қайта қарау Сұранысын тапсыру туралы көбірек мәлімет білу үшін Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз органның веб-сайтына кіріңіз; немесе IPAM туралы және сұранысты қалай тапсыру керектігі жөнінде нұсқаулық пен қосымша ақпарат алу үшін үшін IPAM-ға ipam@ebrd.com электрондық поштасы арқылы хабарласыңыз.